

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС

Қабылдаған: Сарыбаева И.С
Орындаған: Бақытқалиқызы А
Жақсыбаева Ж
Жұмахан Ұ
Құрманәкын Г

Әлеуметтік жұмыс технологиясы

Әлеуметтік жұмыс технологиясы – бұл нәтижесінде белгілі-бір әлеуметтік мақсатқа жететін және әсер ету объектісі пайда болатын іс-әрекет алгоритмі. Бұл іс-әрекет бір реттік әсер ету актісі болып табылмайды, керісінше әлеуметтік жұмыстағы жаңа міндеттерді шешу барысында циклді түрде қайталанып отырады, сонымен қатар, мазмұны, формасы және әдістерінің өзгеруімен сипатталатын процесс. Мұндай циклдің мазмұны міндеттердің пайда болуынан бастап оны толық шешкенге дейінгі жиынтық технологиялық процесті құрайды.

Технологиялық процестің мәні мен құрылымы

Процесс – бұл ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен зерттеу пәнінің өзгеруі.



Әлеуметтік жұмыста сыртқы фактор ретінде клиенттің өмір сүру ортасы мен әлеуметтік жағдайы қарастырылады.



Ішкі фактор ретінде адамдардың немесе адамдар топтарының адамгершілік-психологиялық, физиологиялық және физикалық ресурстары қарастырылады.

Әлеуметтік жұмыс технологиясының басты қызметі


- Клиенттің мүддесіне сай ішкі және сыртқы факторларға мақсатты бағытталған әлеуметтік жұмыс маманының ықпалы

Әлеуметтік қызметкер ақпаратты талдауда, тұлғалақ (немесе топтың) мәселелерді шешудің бірнеше жолдарын дайындау және дайындалған жоспарды тәжірибеде жүзеге асыруға қатысады, яғни клиенттің тіршілік әрекетіндегі ықпал ету технологиясын жасап шығарушы және белсенді қатысушы болып табылады.


Әлеуметтік технологиялық процестің мәні

Әлеуметтік жұмыс технологиясына процесс ретінде белгілі-бір уақытқа қатысты ұзақтық, мақсат пен міндетті анықтаудан бастап, оны тәжірибеде шешкенге дейінгі уақыт аралығы тән. Бұл ұзақтық әлеуметтік жұмыс ұйымдастырушыларының және олардың клиентпен өзара әрекеттерінің аяқталған циклін білдіреді. Ортақ мақсаттағы іс-әрекеттің мазмұнының тұрақты, қайталанып, тізбекті ауысуы – технологиялық процестің мәнімен сипатталады.


Әлеуметтік технологиялық процестердің кезеңдері:



Алгоритм – белгілі-бір мәліметтер бойынша операцияның қалай және қандай кезектілігі арқылы міндеттердің нақты шешімін білдіретін бағдарлама. Қазіргі кезеңде «алгоритм» ұғымы сандармен жүргізілетін операциялармен шектелмейді, және логикалық операцияларды, сонымен бірге басқарушылық шешімдерді қабылдауда, мақсат пен міндетті анықтауда, ақпаратты өңдеуде және тағы да басқаларда қолданылады.



Операция – бұл саналы түрде мақсатқа жетуге бағытталған қарапайым іс-әрекет. Жалпы мақсатқа біріккен операциялар жиынтығы, технологиялық процесс процедурасын құрайды. Операцияның маңызды сипаттамасы қойылған мақсатқа оның нәтижесінің сай болу деңгейі болып табылады.



Инструментарий – тұлғаға немесе әлеуметтік қауымдастыққа ықпал ету арқылы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін құрал. Адам өзінің іс-әрекеттерін жүзеге асыру барысында қоршаған ортамен өзара байланысқа түсе отырып, тұлға ретінде дамиды және қалыптасады, өмір сүреді.



Әлеуметтік жұмыстың технологиялық процесінің мазмұны 4 кезеңнен тұрады. Олардың әрқайсысы өзінің нақты міндеттерін шешеді және маманның кәсіби әрекеттерінің жиынтығын қамтиды.

1-кезең Мақсаттың қалыптасуы

2-кезең Әсер ету әдістерін әзірлеу және таңдау

3-кезең Әсер етуді басқару

4-кезең Әсер ету нәтижелерін бағалау және талдау

Кез-келген тұлға өмір сүру барысында отбасымен, достарымен, балаларымен, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынасқа түседі. Осы қарым-қатынастар барысында объективті түрде қолданыстағы жеке қажеттіліктерге, мүдделерге, оларды жүзеге асыру барысында мәселелер туындауы мүмкін.

Технологиялық тұрғыдан алғанда, жеке мәселелерді шешу кезінде әлеуметтік жұмыс барысында келесі қағидаларға сүйену керек.

- жеке проблемалады талдау және шешудегі жүйелі тәсіл
- құралдың арнайы шешілген мәселеге сәйкестігі
- клиенттің рухани және физикалық ресурстарына сүйену
- қолданылатын құралдардың тиімділігін бақылау
- жұмыс процесінде мазмұнды, формалар мен әдістерді түзету

Технологиялық процестің тұйық циклі мынадай кезкңдер мен операцияларды қамтиды

1. Алдын алу кезеңі. Бұл кезеңде проблеманы анықтауға, бағалауға, оның пайда болуына себеп болатын факторлардың жиынтығын анықтау үшін операциялар жүргізіледі



2. Мақсатты орнату кезеңі. Осы кезеңде мамандардың және әлеуметтік жұмыс ұйымдастырушылардың мақсатты белгілеудің бастапқы тұжырымдамасы жүзеге асырылады



3. Ақпаратты өңдеу кезеңі. Технологиялық үдерістің осы кезеңінде қосымша ақпарат көздерін іздестіру, ақпаратты жинау және жүйелеу, оны талдау және қойту жүргізіледі



4. Рәсімдік және ұйымдастырушылық кезеңі. Белгілі бір уақыт бойынша нақты орындаушылармен бағдарламада анықталған әлеуметтік ісер ету шараларын жүйелі түрде жүзеге асырады.



5. Бақылау-аналитикалық кезеңі. Жұмыстың нәтижелерін талдайтын технологиялық циклдің соңғы сатысы.

Бейтараптандыратын факторлор болмаған жағдайда, әлеуметтік қайшылықтар дамып, аса ауыр дәрежеге жетеді. Оның дамуында қайшылық бірнеше кезеңнен өтеді.

1. Жеке сәкестілік кезеңі. Ол тіпті елеусіз айырмашылықтардың болуына байланысты қайшылықтың болу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

2. Елеулі айырмашылық кезеңі. Елеулі айырмашылықтармен сипатталады.

3. Қарама-қарсылық кезеңі. Өзара қарым – қатынаста айырмашылықтардың сезілуі.

4. Жанжалдық кезеңі. Тараптар арасындағы қарама-қайшылықтың жоғары деңгейі



Кез-келген іс сияқты, әлеуметтік жұмыстың технологиялық үдерісі үнемі жақсартуды талап етеді. Әлеуметтік жұмыста технологиялық үдерісті жетілдіру жолдары, біріншіден, барлық кезеңдерде операцияларды жүргізудің жаңа әдістерін әзірлеу, екіншіден, әлеуметтік жұмыс құралдарының барлық компоненттерін пайдалану жолдарын жақсарту, үшіншіден, әлеуметтік қызмет көрсетудегі әдістердің дұрыс қамтамасыз етілуі, төртіншіден, әлеуметтік әдістерді таңдаған кезде әлеуметтік технологиялық факторларды ескере отырып технологияларды дамыту.





**Назарларыңызға
рахмет!**